

"Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес және алдын алу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Глубокое аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 23 ақпандағы № 561 қаулысына өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі № 1887 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 22 қыркүйекте № 5-9-47 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 389 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 26.08.2024 № 389 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 142-ІІ Заңының 31 бап 1 тармақ 17) тармақшасына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдік ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес және алдын алу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Глубокое аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 23 ақпандағы № 561 қаулысына өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының (қосымшасы) "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес және алдын алу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы" жаңа үлгіде мазмұндалсын.

2. Жоғарыда аталған комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында бекітілуге енгізілсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.А. Баймульдиновқа жүктелсін.

4. Аталған қаулы Глубокое ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуге алынған сәттен бастап күшіне енеді.

Глубокое ауданының әкімі

С. Плотников

Глубокое аудандық әкімдігінің
"07" қыркүйек 2006 ж. № 1887
қаулысына Қосымша

Глубокое аудандық әкімдігінің
" 23 " ақпан 2004 ж. № 561
қаулысына Қосымша

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес және алдын алу жөніндегі үйлестіру кеңесі мәселелері жөнінде комиссияның құрамы

Пекур Мария Яковлевна	аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы
Зорина Татьяна Анатольевна	аудан әкімі аппаратының кадрлар және мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы, төрайымның орынбасары
Асамбаев Мурат Жумабаевич	аудандық білім беру бөлімінің басшысы, комиссия төрайымының орынбасары
Айтқулов Бауржан Темірбаевич	Глубокое АІБ қылмыстық іздестіру бөлімі бастығының орынбасары, төрайымның орынбасары (келісім бойынша)
Асанова Татьяна Николаевна	Кадрлар және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің жетекші маманы, комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері: Светочева Любовь Леонидовна	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау департаментынің Глубокое ауданы бойынша бас маман (келісім бойынша)
Абдрахманова Валентина Қабыкеновна	Глубокое аудандық ауруханасы емханасының меңгерушісі (келісім бойынша)
Асильбаева Фариди Ильтаевна	Ішкі саясат бөлімінің басшысы
Мишаева Надежда Ивановна	Аудандық әдістемелік орталықтың жастармен жұмыс жөніндегі әдіскер (келісім бойынша)
Садықов Еркін Сайлауович	ҚР ҰҚҚД ШҚО Глубокое ауданы бойынша өкілі (келісім бойынша)
Адильбаева Роза Касиевна	Аудандық әділет басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Аудан әкімі аппаратының басшысы

А.Баймульдинов